



БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы-ректор
А.М. Наметов
« 27 » 08 2022 ж.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ САРАПШЫНЫҢ

ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.195

Басылым № 02
Дана № _____

Дайындалды: 22.08.2022 И.В.Богдашкина	Келісілді: 25.08.2022 Ө.Б.Таубаев Е.Б.Ихсанов Е.К.Таскалиев М.Ж.Алмагамбетова	Енгізілді: 01.09.2022 10.09.2022 ж. СМЖ.07. Л.К.195 қиына Қайта қаралуы: 01.09.2025
--	---	--

Мазмұны

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

1 Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және «Білім туралы» Заңына сәйкес дайындалды.

2 Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық Стратегиялық даму және талдау басқармасының бас маманы үшін жарамды (бұдан әрі СДж/еТБ).

3 Лауазымдық міндеттері

3.1 Стратегиялық даму және талдау басқармасының жетекші сарапшының міндеттері:

3.1.1 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ және оның құрылымдық бөлімшелерінің даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3.1.2 Университет қызметін стратегиялық және ағымдағы жоспарлауға қатысу;

3.1.3 Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды жоспарлау бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелеріне көмек көрсету;

3.1.4 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерінің қызметін бағалау жүйесінің нәтижелерін есептеу және талдау әдістемесін жетілдіруді қамтамасыз ету;

3.1.5 Университетті ілгерілету және рейтингтерге қатысу жоспарын іске асыру;

3.1.6 Университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін КРІ әзірлеуге қатысу;

3.1.7 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтамалар мен ақпараттық материалдарды дайындау;

3.1.8 Университетте оқу және ғылыми қызметтерін дамыту бойынша аналитикалық анықтамалар мен ақпараттық материалдар дайындау;

3.1.9 Құрылымдық бөлімшелердің нұсқаулықтары мен есептілік нысандарын әзірлеуді жүзеге асыру (оқу және ғылыми жұмыс бағыттары бойынша);

3.1.10 Халықаралық рейтингтерге қатысу мәселелері бойынша семинарлар, тренингтер өткізу бойынша жұмысқа қатысу;

3.1.11 Рейтингтік агенттіктердің сұраныстары бойынша жиынтық деректерді дайындаумен және олардың платформаларын толтырумен айналысу;

3.1.12 Университеттің қызмет бағыты бойынша сайтын ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету, университет қызметі туралы сайт бөлімдерінің уақтылы жаңартылуын қадағалайды;

3.1.13 Жоғары тұрған және басқа да ұйымдармен хат алмасу;

3.1.14 Жоғары тұрған және басқа ұйымдарға жіберілетін есептік құжаттарға

бақылау жүргізу;

3.1.15 Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен және сыртқы ұйымдармен қызмет профилі бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

3.1.16 Университеттің ұлттық және халықаралық рейтингтеріне қатысу үшін деректерді дайындау мәселелері бойынша жұмыс кеңестерін ұйымдастыруды жүзеге асыру;

3.1.17 Стратегиялық жоспарды орындау кезінде тәуекелдердің мүмкіндігін, түрін және дәрежесін талдау, тәуекелдің әрбір түрін төмендету тәсілдерін немесе тәуекелді басқару құралдарын ұсыну;

3.1.18 Стратегияның негізгі элементтерін іске асыру кезінде жағдайдың даму моделін ұсынады;

3.1.19 ПОҚ санаттарын беру мәселесі бойынша университет оқытушыларының құжаттарын қабылдау және кеңес беруді жүзеге асыру;

3.1.20 Бәсекелестік талдау жүргізу, бәсекелестердің даму перспективаларын анықтау; университеттің бәсекеге қабілеттілігіне салыстырмалы талдау жүргізу;

3.1.21 Стратегиялық жоспарға сәйкес университеттің даму болжамын құру;

3.1.22 Стратегиялық жоспардың жекелеген кезеңдерін іске асыру бойынша есептерді, ұсыныстарды, шешімдер қабылдау әдістемесін дайындау.

3.2 Бағыныштылығы:

3.1.1 Стратегиялық даму және талдау басқармасының жетекші сарапшысы еңбек кодексына сәйкес ректордың бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады;

3.1.2 Стратегиялық даму және талдау басқармасының жетекші сарапшысы стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығына бағынады.

3.1.3 Стратегиялық даму және талдау басқармасының жетекші сарапшысы Әкімшілік-басқару персоналы санатына жатады.

3.3 Стратегиялық даму және талдау басқармасының жетекші сарапшысы білуі тиісті:

3.3.1 ҚР заңнамалық және нормативтік құқық актілерін, республикалық және жергілікті мемлекеттік басқарма органдарының қаулыларын, білім және ғылым саласындағы халықаралық келісімдерді және жоғарғы, жоғарғы оқу орыннан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беретін бағдарламаларын іске асыратын, оқу орындарының қызметін және олардың приоритеттік дамыту бағыттарын белгілейтін басқа құжаттарын;

3.3.2 Университеттің Жарғысы, ішкі тәртіп ережелері және стратегиялық жоспарлау және талдау мәселелері бойынша университеттің қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарын;

3.3.3 Өзінің өкілдігінің ішіндегі СМЖ құжаттарын;

3.3.4 Өзінің лауазымдық нұсқаулығын;

3.3.5 Еңбек заңының негіздерін;

3.3.6 Еңбекті қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен мөлшерлерін.

3.4 Біліктілік талаптары:

3.4.1 Білімі жоғары, белсенді шығармашылық қызметін жүргізу, ұжымда беделді болуы қажет. Университетте жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес болуы қажет;

3.4.2 Дербес компьютермен жұмыс жасауы, іс жүргізу шеңберінде мемлекеттік тілді білу қажет;

3.4.3 Өз біліктілігін әрдайым арттыру қажет.

4 Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1 Стратегиялық даму және талдау басқармасының жетекші сарапшысы жауапты:

4.1.1 Негізгі лауазымдық нұсқаулық бойынша өзінің лауазымдық міндеттерін атқармағаны (немесе дұрыс атқармаған) үшін ҚР еңбек кодексінде анықталған;

4.1.2 Өз қызметін атқара отырып, заңды бұзғаны үшін ҚР әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған;

4.1.3 Материалдық мүліктік зиян келтірген үшін ҚР еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде жауапты болады.

4.2 Стратегиялық даму және талдау басқармасының жетекші сарапшысы өкілетті:

4.2.1 Әр түрлі отандық және шетелдік ұйымдармен қарым-қатынаста университеттің мүдделерін білдіруге;

4.2.2 Университет басшылығының шешімдерінің жобаларымен танысуға;

4.2.3. Өзінің құзыреті шегінде құжаттарға қол қою, өкімдер шығару;

4.2.4. Өз міндетіне кіретін сұрақтар бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіруге және бақылауға, олардан лауазымдық міндеттерін орындау үшін керекті ақпараттарды және құжаттарды сұратуға.

4.3 Стратегиялық даму және талдау басқармасының жетекші сарапшысы құқықты:

4.3.1 Университет басшылығынан лауазымдық міндеттерін және құқығын атқару үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыздандыруын талап етуге;

4.3.2 Кәсіби біліктілік деңгейін жоғарлатуға;

4.3.3 Университет басшылығының оның қызметіне қатысты шешімдерінің жобаларымен танысуға;

4.3.4 Осы нұсқаулықта көзделген міндеттерге байланысты жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды басшылықтың қарауына енгізу;

4.3.5 Жыл сайынғы еңбек демалысын алуға;

4.3.6 Өзінің кәсіби намысын және адамгершілігін қорғауға;

4.3.7 Ұйымдық іс-әрекетіндегі табыстары үшін материалдық және моральдық марапатталуға.

5 Құжаттама

6 Сілтемелер

1. ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07.2007 ж. № 319
3. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 18.02.2011 ж. № 407-IV;
4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V
5. «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КЕАҚ Жарғысы